

5) бағыныңқы сыңары *өз есімдігі*, басыңқы сыңары *туынды үстеу* болып келеді. Мысалы: Суретші де сондай, адамның өзін ұмытқанмен, *өзгелерден өзгеше*, тек сол адамға тән бір қимылын, көз тастауын, не жүріс-тұрысын есіне сақтап қалуы көп кездесетін жағдай.

1. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. – 176 б.
2. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы: Мектеп, 1971. – 350 б.
3. Әбілақов Ә. Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінің қалыптасуы, дамуы және қолданылу аясы. Алматы. – 1990. -103 б.
4. Есенберлин І. «Ғашықтар» романы. – Алматы: Көшпенділер, 2007. - 296 б.

А. Мухамеджанова

Образование именных словосочетаний в романе И.Есенберлина «Ғашықтар»

В статье рассматривается структура и образование именных словосочетаний в романе И. Есенберлина «Ғашықтар»

A. T. Mukhamedzhanov

Formation of nominal phrases in the novel of I.Esenberlin "Gashyktar"

The article presents the structure and formation of nominal phrases in I. Esenberlin "Gashyktar."

С. Өтебеков,

А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистр-оқытушысы, e-mail: Usb_1407

СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ Т. САЙРАМБАЕВТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖАЙЫНДА

Жалпы сөйлем бір сөзден тұрса да, өзара байланысты бірнеше сөзден құралса да, ол дауыс ырғағы жағынан тұтастанып, айналасындағы басқа сөйлемдерден пауза арқылы оқшауланумен қатар, олармен мағыналық қатынасқа еніп, ұласып, үштасып жатады. Оларға (сөйлемге) тән белгілер, оның грамматикалық сипаттайтын, айқындайтын синтаксистік категориялар – коммуникативтік пен модальдік және предикаттық белгілер. Бұл категориялардың әрқайсысының өздеріне тән ішкі мағыналық және сыртқы материалдық көрсеткіштері бар [1:6], яғни, сөйлем предикативтілік деп аталатын грамматикалық мағынамен, коммуникативтілік деп аталатын қызметімен және бастауыш-баяндауыштық деп аталатын құрылымдық үлгісімен сипатталады да, осы жағынан келгенде, ол (сөйлем) әр түрлі айтылыстардан (высказывания) ажыратылады [2:198]. Сөйлемнің бұл айтылған үш түрлі белгісі, категориясы – бір-біріне байланыссыз, бөлек-бөлек жатқан дүниелер емес, өзара бірлікте, бір сөйлем ішінде кейде қабаттасып та жүретін белгілер. Коммуникативтік пен модальдік категориялар сөйлем сайын кездеседі. Бұл екеуінсіз сөйлем жоқ. Ал предикат-

тық категория жоғарыда келтірілген – *Төйт әрі! Мәссаған! Әй-әй-әй!* Дегендер тәріздес сөйлемдерде болмайды, яғни сөйлем сайын болуы шарт емес. Бұл айтылғандар – құрмалас сөйлемдерге де тән белгілер [3:7]. Ғалым М.Балақаев сөйлемнің осындай қасиеттерін негізге ала отырып «предикаттық қатынас негізінде біршама аяқталған ойды білдіретін тиянақты сөздер тізбегін сөйлем дейміз» [3:16], - деп анықтама берген болатын.

Ал ғалым Т.Сайрамбаев жоғары да айтылып кеткен көптеген еңбектердегі ережелерді саралай келе өзінің «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері» атты ауқымды еңбегінде сөйлемдердің негізгі белгілерінің бірі предикативтілікке байланысты қарайды да: «...сөйлемнің негізгі белгісі ретінде предикативтілік, модальдік және интонация үшеуін де бірдей жатқызу орынды деп санаймыз. Оларды бір-бірімен тең немесе біріне-бірі басыңқылық қызметте жұмсалды дейтін пікір олардың ішкі ерекшеліктерін ескермеуден туса керек»[3:5] деп түйеді.

1970 жылы шыққан «Қазіргі орыс әдеби тілінің грамматикасында» берілген «предикативтілік категориясы әрбір сөйлемдерге қатысады және оның грамматикалық мағынасы

болып табылады»[4:536-541] дейтін пікірді қолдайтын ғалым «сөйлемде де, оның негізін құрайтын элемент – бастауыш пен баяндауыш. Осы екеуінің негізінде ғана оның модальділік қасиеті айқындалса керек. Сондықтан да, ең алдымен, сөйлемге тән қасиет ол – предикативтілік» дейді.

Жалпы, сөйлемдерді салыстыра келіп предикативтіліктің қасиетін анықтау барысында: «жалпы, сөйлем бір бас мүшелі, екі бас мүшелі немесе мүшеленбейтін сөйлемдерден құралса, предикативтіліктің ең жоғары түрі екі бас мүшелі сөйлемдерде нақты, ал бір бас мүшелі сөйлемдерде жартылай, ал мүшеленбейтін сөйлемдерде болмайды да. Міне, бұған қарағанда предикативтілік тек бастауыш пен баяндауыш арасындағы таза грамматикалық құбылыс» дейді [3:6]. Демек, сөйлемнің предикативті негізі осы тұрлаулы мүшелер арқылы ажыратылады. Ол жақ, шақ категорияларын предикативтіліктің қасиетіне, ал сөйлемнің бойындағы модальділіктің негізгі көрсеткіштері рай категориясы, модаль сөздер, сол сияқты демеуліктер мен интонация екендігін айтады. Сөйлем синтаксисін зерттеген тарландардың бірі ф.ғ.д., профессоры Р.Әмір өзінің «Жай сөйлем синтаксисі» атты еңбегінде де бұған байланысты *Баяндауыш мүшеге балама ретінде жұмсалатын предикативтік конструкциялар, Пысықтауыш мүшелердің стильдік түрлері және олардың жұмсалыуы* атты тараушаларында осы мәселелерге баса назар аударған болатын. Ол да «Қазақ тілінде предикативтік іс-әрекетті бастауыш-баяндауыш құрамындағы тіркес арқылы білдіру амалы бар. Бұл үшін қимылды сипаттайтын етістік сөздер субстантивтік формаға келіп бастауыштық позицияны алады да, баяндауыш болып *бар, жоқ* сөздері қатысады: *алғым бар, айтатыным бар* [4:193].

Жай сөйлемнің өзі – хабарлаудың дербес синтаксистік шақтар мен райларды білдіретін арнайы грамматикалық тәсілдердің жүйесін қамтып иеленген ең кіші құрылымдық үлгі [6:543] десек болады. Тіпті, құрмалас сөйлемдердің өзі бірнеше құрылымдық үлгісі бар предикативті единицалардан жасалуы мүмкін. Қазіргі орыс әдеби тілінің грамматикасында бұл жөнінде «құрмалас сөйлем дегеніміз белгілі бір құрылымдық үлгі бойынша құрастырылған және хабарлардың біртұтас единицасы ретінде қызмет атқару үшін жасалған предикативті единицалардың тіркесі» [3:653]. Осы-

ған орай ғылымда екі немесе бірнеше предикативті единицалардың синтаксистік единицалардың синтаксистік тіркесіне негізделген құрмалас сөйлем *полипредикативті* (көп предикативті) құрылым ретінде қаралады да, ол (құрмалас сөйлем) осы тұрғыдан *монопредикативті* (дара предикативті) құрылым ретінде қаралатын жай сөйлемдерге қарама-қарсы қойылады. Құрмалас сөйлем жай сөйлемнен бір емес, бірнеше синтаксистік модальды-шақтық мағынаға ие болуы жағынан ажыратылады. Предикативтілік жай сөйлемнің грамматикалық мағынасы болып саналса, ол бүтіндей құрмалас сөйлемнің емес, оны құрастырушы компоненттердің сапасы болып саналады [2:203]. Бұған қосарымыз қандай да болмасын бүтін тілдік құрылымды құрастырушы компоненттер, бір жағынан бүтіннің бір бөлшегі ретінде қандай да бір дербестігін сақтап тұрса, екінші жағынан, олар өзара қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде өзі құрамына еніп тұрған тілдік құрылымның бірлікте, тұтастықта болуын қамтамасыз етеді. Құрмалас сөйлемдердің өзі жөнінде тікелей айтсақ – синтез бен анализдің жемісі. Әсіресе, құрмалас сөйлемге қатысты оның компоненттері турасында ғалымдар әр түрлі талдау арқылы түсіндіреді. Ғалымдардың бір тобы оны құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлем (Н.Сауранбаев, Г.Абдрахманов, А.Нажимов т.б.) десе, екіншілері предикативтік бірліктерді біріктіретін құрылым (Г.Ф.Калашникова, Г.Садырова т.б.), үшіншілері форманттық күрделі бөліктің құрылыс материалы (Г.П.Уханов, М.В.Симулик, О.Төлегенов) деп түсіндіреді. Біздің ойымызша да, талас тудырмайтын айқын мәселе құрмаластағы компоненттердің күрделі бөліктің құрылыс материалы екендігі, ал оның құрылыс материалы, сөз жоқ жай сөйлемдер. Жай сөйлемнен кіші тілдік құрылыстың ешқайсысы да құрмалас сөйлемге дербес компонент бола алмайды. Алайда, құрмалас сыңарларын жеке-жеке сөйлемдер ретінде емес, оны синтаксистік мағынасы, коммуникативтік мақсаты – бәрі-бәрі оны құрайтын элементтерге тікелей қатысты. Коммуникативтік талаптардың синтаксис жүйесін билейтін басты фактор екендігін профессор Р.Әміров көрсеткен болатын [8:11].

Жалпы, «предикат» терминінің бастапқы негізгі мағынасы баяндауыш екендігімен қоса «сөйлемнің негізгі мүшесі» деп, «баяндауышсыз сөйлем болмайды» деп (атаулы сөйлемдерден басқа) қарасақ, баяндауыш предика-

тивтіліктің негізі екендігін кез келген ғалым мойындайды. Дегенмен, баяндауыш логикалық бастауыш болса да жақ, сан бойынша қиысатын, жіктік тұлғаларда тұлғаланып бастауыштық болмыстың белгісіне ыңғайланатын сөйлем мүшесі екендігі даусыз, яғни бастауыш басқа сөйлем мүшелеріне қарағанда ойдың иесі ретінде қолданылатындығы айқын. Бұл жағынан бастауыш басқа сөйлем мүшелерінен айқын ерекшелейді. Бірақ, сонымен қоса бастауыш жеке қолданылып өмір сүре алмаса керек, ол қалайда басқа сөйлем мүшелерімен, оның ішінде баяндауышпен синтаксистік байланыста айтылғанда ғана мағыналары айқындала түседі. Сонда бастауыш болатын сөздер қаншалықты ойдың иесі болуы негізгі шарт екендігі жеке тұрғанда іске аспаса керек. Олай болса бастауыш сөйлемде басты тұлға, бірақ оны бағынбайды деп айтуға келе бермесе керек.[3:66]. Сонымен бірге, предикативтік іс-әрекетті, сапаны білдіретін сөйлем мүшесін баяндауыш дейміз. Сөйлем құрауға негіз болатын бас мүшелер, әсіресе баяндауыш, ойды құрастыруға арқау болады. Бас мүшелер болмаса басқа мүшелердің болуы да мүмкін емес. Өйткені анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштар, алдымен сол екі бас мүшенің маңына топтанады, қала берді бірін-бірі анықтап, толықтырып, сөйлемнің құрамына ене алады. Осыларды ескере келгенде, предикативтілік – барлық сөйлем формаларына тән, сөйлемді қарым-қатынас бірлігіне жатпайтын сөз, сөз тіркесінен ажырататын бірден-бір қасиет, белгі. Предикативтілік туралы тұжырымның екі қағидасы бар: біріншісі – предикативтілік – сөйлемді сөйлем ететін ең басты синтаксистік категория. Предикативтіктің мағынасы мен қызметі сөйлем мазмұнын шындық болмысқа теңестіру болып танылады. Бұл предикативтіліктің ажырамас қасиеттері – модальділік, шақтылық, жақтылық тәрізді синтаксистік категориялары арқылы іске асады; екіншісі – сөйлемді құраушы бөліктер (компонент) арасындағы арнайы қатынас.

Модальділік объективті және субъективті болып екіге бөлінеді. Объективті модальділік – сөйлемдегі хабарламаның (сообщение) шындық болмысқа қатысы. Бұл екі тұрғыда көрінеді: біріншісі – реалды іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, оның үш шақта (осы, келер, өткен) өтуі; екіншісі – реалды емес іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, яғни, бұйрық, қалау, тілек, қажеттілік тәрізді хабарлама т.б. Реалды модаль-

ділік ашық райдың үш шағында көрінеді. Мысалы: *Қарашоқыдағы қыстауға келген соң Абай ең әуелі әкесіне бармай, Күнкенің үйіне кірді. Мұнда Абайдың ең жақсы көретін туысқаны – Құдайберді көптен бері науқас болатын. Алдымен соған амандасып, жайын білмек. Құдайберді биік төсек үстінде жөтеліп жатыр екен* т.б. (М.Әуезов).

Қазақ тілінде предикаттық қатынас екі түрлі жолмен айқындалады: бірінші, компонентте екі негізгі мүшенің бастауыш пен баяндауыштың қатар айтылуы арқылы, екінші, баяндауыштың тек жіктік формасы арқылы. Мұның алғашқысын предикаттық қатынастың аналитикалық немесе аналитика-синтетикалық тәсіл арқылы көрінуі де, соңғысын синтетикалық тәсіл арқылы көріну дейміз. Мысалы: *Сендер тәлтіректеп белестен асып кеткенше, мен көз алмай қараумен болып едім* (Б.Майлин). *Ақырында осы отырған жұрт Нілді мен Қарағандыны мына Боздақ пен Байжандікі деп тапты да, өзгеміз соған қол көтеріп шықтық* (Ғ.Мүсірепов).

Мысалдың бірінші сөйлеміндегі бағыныңқы компонент баяндауышы болып тұрған «асып кеткенше» деген күрделі сөз ешбір жаққа тәуелді емес, жеке алғанда оның бойында баяндауыштық қасиет те жоқ. Оны баяндауыштық дәрежеде көрсетіп, белгілі бір жақтық мән беріп тұрған – «сендер» деген бастауыш. Егер ол болмаса, тіркесте сөйлемдік қасиет, яғни предикаттық қатынас пайда болмайды. Предикаттық қатынастың бұл көрінісі – аналитикалық тәсіл көріну деп аталады. Ал мысалдың соңғы сөйлемінде де предикаттық қатынас әр компонент баяндауыштардың (*Боздақ пен Байжандікі деп тапты, қол көтеріп шықтық*) формасы арқылы да, олардың әр қайсысының дербес айтылған бастауыштары арқылы да (*жұрт, өзгеміз*) берілген. Бұл тәсіл предикаттық қатынастың екі жақты, яғни аналитикалық-синтетикалық жолмен көрінуі делінеді. Осы арада предикаттық қасиеттің көрсеткіші саналатын жақ категориясы жөнінде де айтып кетсек болады. Ол үшін жақ категориясының бірден-бір құрылымы етістік болатындығын ескерген Т.Сайрамбаевтың осы мәселенің төңірегінде айтылған пікірі негіз болуға әбден лайық. Ол «синтаксистік жақ категориясы – айтушы, тыңдаушы және ІІІ бір жақта айтылады да, ол көрсеткіш етістік арқылы көрінеді. Етістіктің жақ категориясы *отыр, тұр, жүр, жатыр* етіс-

тіктеріне тікелей жалғанады да, ал басқа етістіктерге түрлі қосымшалардан соң жалғана келе, етістік баяндауыштың қай жақта тұрғандығын көрсетіп, әрі сол көрсеткіші арқылы бастауыш та белгілі болады. Мұның өзі баяндауыштағы жақтық көрсеткіші арқылы бастауыштың қай жақта тұрғандығы мен етістіктің де сол жақта тұруы бір-бірімен үштасып, екі жақты байланысқа түседі де, бірін-бірі толықтырады. Бастауыш та, баяндауыш та екі жақты баяндауыштың бірінде баяндауыш арқылы көрінсе, бастауышта көбіне есімдіктер арқылы көрінеді.

Сөйлемнің ең негізгі қаңқасы предикаттылық десек, одан кейінгі мәселе - сол сөйлем арқылы адамның қуану, шаттану, еркелету, шошу, ашу-ыза, күдіктену, күшейту, әсерлеу, құптау, құптамау, жақтырмау, сену, мүмкіндік, керектілік, болжалдық, т.б. қасиеттері, яғни, олардың семантикалық белгілерін айқындау – екінші орындағы мәселе. Ал сөйлемнің бойындағы мұндай қасиеттердің барлығы да модальділік белгісі арқылы беріледі де, олардың негізгі көрсеткіштері рай категориясы, модаль сөздер мен демеулер және интонация болуы тиіс. Бұл Т.Сайрамбаевтың сөйлемге тән тағы бір қасиет модальділікке байланысты айтылған пікірі. Яғни, модальділік категория сөз иесінің беріліп отырған хабарға өзіндік көзқарасын байқатады. Ол өзінің мағынасы арқылы сөйлемнің айтылу мақсатын, сазын білдіреді. Модальділіктің сипатына қарай сөйлемдер хабарлы (*Оқу басталды*), бұйрықты (Ертең ерте кел), сұраулы (*Мынау кімнің кітабы?*), лепті (*Қандай тамаша! Көрінбе көзіме!*) боп бөлінетіндігі белгілі. Модальділік категориясының сыртқы материалдық көрсеткіші- интонация мен әр түрлі морфология-

лық және лексикалық элементтер. Модальділік мағынаның көрінісі, берілуі тілдерде біркелкі болмайды. Модальділік мағына материалдық жағынан грамматикалық та, лексикалық та болады. Грамматикалық модальділік белгі сөйлемде негізінде етістік райлары арқылы жасалады. Бұл жағынан алғанда, модальділік категориясы передикаттық категориямен үндеседі десек болады. Ал лексикалық модальділік белгісі көбіне тілдегі модаль сөздер арқылы көрініс табады (*Ол оқиды – ол, әрине, оқиды т.б.*). Осының ішінде модальділік категориясының көрсеткіштерінің бірі демеуліктердің рай категориясына қарағанда өте эмоционалдық қасиетін таныту жағы басымырақ екенін көреміз. Жалпы, демеулердің түрлерінің атының өзі олардың ондай сөйлемдерге қандай мағына үстеп тұрғандығын көрсетуімен нақтыланады [9:7].

Қорыта айтқанда, ғалым Т.Сайрамбаев қазақ тіліндегі сөйлемнің негізгі белгілерінің ғылыми теориясының қалыптасуына үлкен үлес қосты деуге толық негіз бар. Ғалымның синтаксистік ғылыми жаңалықтары арнайы қарастыруды қажет ететін мәселелер.

1. Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966
2. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы А., 1950
3. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. А. 1966
4. Сайрамбаев Т. Сын есімді етістік сөз тіркестері // Қазақ тілімен әдебиеті. № 1. 1999./ М.Жолшаевамен бірге.
5. Виноградов В.В. Вопросы грамматического строя, М., 1955
6. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. А., 1981
7. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. А. 1966
8. Әмір Р. Жай сөйлем синтаксисі. А., 1998.
9. Закиев М. Синтаксический строй татарского языка, Казань, 1963.

* * *

В статье рассматриваются принципы ученого профессора Т.Сайрамбаева о предложениях в казахском языке.

* * *

The article deals with the principles of sentences in Kazakh language according to Professor T. Sairambaev.

Б. Рысбай,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к.

Ә. НҮРПЕЙІСОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СИНКРЕТИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ

Тілдік құбылыстардың табиғатын танып, тілдік ерекшелігін айқындауда көркем әдебиеттің қосар үлесі айрықша екендігі анық.

Тіліш-ғалым А.Салқынбайдың сөзімен айтқанда: «Сөздің қасиеті мен киесі көркем әдебиетте шынайы көрініс береді, қазақ қалам-